0303 ХФТ.

Жүз он алтыншы тарау – Иса Құтқарылу мерекесін тойлайды

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Иса Мәсіхтің Құтқарылу мейрамын тойлауы» деген тақырыпты қарастырамыз.

Менің ерекше тәртіпті өмір сүретін бірнеше достарым бар. Олар өздерін жақсы меңгеріп, өмірлерін белгілі бір тәртіппен жүргізеді. Мұндай адамдарға бәріміз де сүйсінеміз. Олар көп істі тындырып қана қоймай, одан қуаныш та табатын сияқты көрінеді. Өйткені олар әр нәрсенің өз орнымен болғанын қалайды. Дегенмен олар да, біз де бір шындыққа тәуелдіміз: ертеңгі күнімізді толық басқара алмаймыз. Себебі уақыт біздің билігімізде емес.

Ал Иса Мәсіх бізден өзгеше еді. Ол алда не болатынын толық білді. Болашақты көре алғандықтан, алда болатын оқиғалардың бәріне алдын ала дайындалды. Сонымен бірге Ол өмірдегі әрбір ұсақ-түйекке дейін назар аударатын. Иса шынайы яһуди ретінде әрі Құдай Заңын кемеліне жеткізе орындаған жалғыз Адам болғандықтан, Құтқарылу мейрамын да Заң талап еткендей өткізді. Матай 26:17–25-аяттарында осы оқиға баяндалады.

Ашымаған нан мейрамының бірінші күні шәкірттері Исаның қасына келіп:

— Мейрам асыңызды қай жерде әзірлеуімізді қалайсыз? — деп сұрады.

Иса оларға мынадай жауап берді:

— Қаладағы Мен айтқан адамға барып, оған былай деңдер: «Бұйырылған уақытым жақындап қалды. Мейрам салтын шәкірттеріммен бірге сенің үйіңде орындамақпын деп Ұстазымыз сәлем айтты».

Шәкірттері Исаның тапсырғанындай істеп, мейрам асын даярлады. Кеш түсе Иса он екі шәкіртімен бірге дастарқан басында жантайды. Тамақ ішіп отырғанда Иса оларға қарап:

— Сендерге шындығын айтайын: араларыңдағы біреу Маған опасыздық жасайды, — деді. Олар еңселері түсіп, қатты абыржып, бірінен соң бірі: — Мырза, сол адам мен емес пе екенмін? — деп сұрай бастады. — Табақтағы тұздыққа Менімен бірге бір үзім нанын батырып алып жатқан біреуің Мені

ұстап бересің. Көктен келген Мен Киелі жазбаларда Өзім туралы алдын ала айтылған жолмен жүремін. Алайда Мені ұстап беретін адам қасіретке қалады-ау! Сол кісі үшін ешқашан дүниеге келмегені жақсы болар еді! — деді Иса. Оған опасыздық жасаған Яһуда Исқариот та: — Ұстаз, сол адам мен емес пе екенмін? — деп сұрағанда, Иса: — Мұны өзің айтып тұрсың, — деп жауап берді.

Иса Мәсіхтің Құтқарылу мейрамын қалай өткізгеніне назар аударсақ, Иеміздің болмысы туралы бірнеше маңызды ақиқатты көреміз. Бұл ақиқаттар біздің Оған деген құрметіміз бен қастерлеуімізді одан сайын арттыра түседі.

Ең алдымен, Оның шынайы мойынсұнғанын көреміз. Шәкірттері Иса Мәсіхтің әдетін жақсы білетін. Олар жыл сайын Құтқарылу мейрамы келгенде Оның осы мейрамды міндетті түрде атап өтетінін көріп жүрген. Сол кездегі әрбір шынайы яһуди Құтқарылу мейрамын тойлайтын. Бүгінде де әлемнің көптеген жеріндегі яһудилер бұл дәстүрді сақтап келеді. Бұл мейрам Мұсаның заманында Құдайдың еврей халқын Мысыр құлдығынан азат еткенін еске түсіру үшін белгіленген. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы мейрамды Иса Мәсіх те адал орындады. Сондықтан шәкірттері: «Мейрам асын қай жерде әзірлейміз?» — деп сұрады.

Иеміз оларға не істеу керектігін анықтап айтып берді. Ол бәрін алдын ала жоспарлаған еді. Кімнің үйіне баратынын да, не айту керектігін де білді. «Қалаға барып, Мен айтқан адамға жолығыңдар», — деді. Демек, үй иесі де алдын ала белгіленген болатын. Оған: «Ұстаз былай дейді: “Менің уақытым жақындап қалды”», — деп айтуды тапсырды. Яғни бәрінің өз уақыты белгіленген еді. Сондай-ақ: «Құтқарылу мейрамын шәкірттеріммен бірге сенің үйіңде өткіземін», — деді. Бұл жерде нақты орын да алдын ала анықталғанын көреміз. Иса Мәсіх өмірдегі әрбір маңызды жайтқа үлкен жауапкершілікпен қарады.

Мұның бәрі Иса Мәсіхтің болмысын айқын көрсетеді. Ол Құдай Заңын дәл Құдай талап еткендей орындауға ұмтылды. Оның шынайы мойынсұнуы бізге Иеміздің қандай болғанын танытады. Ол Құдай Сөзіне мұқият мойынсұнып, Құтқарылу мейрамын Жаратқан Ие белгілеген тәртіп бойынша өткізді.

Біз Иса Мәсіхтің қайғылы хабарын көреміз. Құтқарылу мейрамының асы өз ретімен өтіп жатқан кезде, бәрі дастарқан басында отырған сәтте Иса: «Сендерге шындығын айтайын: араларыңдағы біреу Маған опасыздық жасайды», — деді.

Ол алда болатын сатқындықты алдын ала жариялады. Не болатынын толық білді. Сондықтан бұл сөздерді үлкен қайғымен айтты. Осы жайында тереңірек ойлансақ, бұл қандай ауыр жағдай болғанын аңғарамыз. Иса Мәсіх: «Араларыңдағы біреу Маған опасыздық жасайды», — деді. Өзінің ең жақын жүрген шәкірттерінің бірі, ең көп тәлім алған, Өзімен бірге өмір сүрген адамның бірі Оған опасыздық жасамақ еді.

Шәкірттердің жауабы да ерекше болды. Киелі кітапта олардың қатты қайғырғаны айтылады. Олар мұндай жағдайдың болуы мүмкін екеніне сене алмады. Қалайша олардың бірі Иемізге опасыздық жасай алады?

Сондықтан олар бірінен соң бірі:

— «Мырза, сол адам мен емес пе екенмін?» — деп сұрай бастады.

Бұл сұрақ олардың өздеріне деген сенімінен емес, керісінше, жүректерін тексеруге дайын болғанынан туған еді. «Мен өз жүрегімді шынымен білемін бе? Осындай ауыр күнәға мен де барып қоюым мүмкін бе?» деген ой оларды мазалады. Ал Иса Мәсіх болатын оқиғаны жасырмай, ашық айтты. Ол алда не күтіп тұрғанын толық білді. Осы қайғылы хабар арқылы біз Иеміздің болмысын тереңірек танимыз.

Біз Оның ерекше білімін көреміз. Шәкірттері: «Мырза, сол адам мен емес пе екенмін?» — деп сұрағанда, Иса: «Табақтағы тұздыққа Менімен бірге бір үзім нанын батырып алып жатқан біреуің Мені ұстап бересің», — деп жауап берді. Бұл Құтқарылу мейрамындағы дәстүрлі дастарқанға қатысты айтылған сөз еді. Дастарқан басында отырғандардың бәрі ортақ табақтан ас алып отырған. Осыдан кейін Иса сөзін жалғастырып:

«Көктен келген Мен Киелі жазбаларда Өзім туралы алдын ала айтылған жолмен жүремін. Алайда Мені ұстап беретін адам қасіретке қалады-ау! Сол кісі үшін ешқашан дүниеге келмегені жақсы болар еді!» — деді.

Иса Мәсіх Өзінің өмірі мен өлімінің мәнін толық түсінді. Ол мұның бәрі Құдайдың алдын ала белгілеген жоспары бойынша жүзеге асатынын білді. Киелі жазбаларда алдын ала айтылғандардың бәрі орындалуға тиіс еді.

Алайда Иса Мәсіхті ұстап беретін адам да болуы керек еді. Сол шәкірттердің бірі сатқындық жасайтын болды. Сондықтан Иса: «Сол адам үшін ешқашан дүниеге келмегені жақсы болар еді», — деп ескертті.

Осыдан кейін Яһуда Исқариот:

— «Ұстаз, сол адам мен емес пе екенмін?» — деп сұрады.

Басқа шәкірттер «Мырза» деп тіл қатса, Яһуда Исқариот «Ұстаз» деп қана сөйледі. Сонда Иса оған:

— «Мұны өзің айтып тұрсың», — деп жауап берді.

Иса Мәсіхтің ерекше білімі Яһуда Исқариоттың ойын әшкереледі. Оның сатқындығы құпия болып қала алмады.

Бұл оқиға арқылы Иса Мәсіхтің кім екенін бұрынғыдан да анық көреміз. Оның мойынсұнуы шынайы болды. Ол Әке Құдайдың еркін толық орындады. Оның айтқан сөзі қайғылы болса да, шәкірттерінен ешнәрсені жасырмады. Ал Оның білімі ерекше еді. Ешкім, тіпті Яһуда Исқариот та, Иемізден ешнәрсені жасыра алмады.

Осының бәрі бізге Иса Мәсіхтің жер бетінде өмір сүрген кез келген адамнан ұлы екенін көрсетеді. Оған тең келетін ешкім жоқ. Сондықтан біз де Оны бәрінен артық сүйіп, өміріміздің әр саласында Оған мойынсұнып өмір сүруге ұмтылайық.